Хабарландыру

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының «Көкшетау қаласындағы жаратылыстану-математикалық бағыттағы Назарбаев Зияткерлік мектебі» филиалында 2026 жылғы 22 қазаннан 6 қарашаға дейін Көкшетау қаласындағы НЗМ қызметкерлерінен төмендегі мекенжайларда орналасқан қызметтік тұрғын үйлерді бөлуге қатысу үшін құжаттар қабылданады:

1. бір бөлмелі қызметтік тұрғын үй – Көкшетау қаласы, Домбыралы (Полевая) көшесі, 3А үй, 30-пәтер;
2. бір бөлмелі қызметтік тұрғын үй – Көкшетау қаласы, Домбыралы (Полевая) көшесі, 3А үй, 73-пәтер;
3. екі бөлмелі қызметтік тұрғын үй – Көкшетау қаласы, Домбыралы (Полевая) көшесі, 3А үй, 64-пәтер;
4. екі бөлмелі қызметтік тұрғын үй – Көкшетау қаласы, Домбыралы (Полевая) көшесі, 3А үй, 67-пәтер.

Қызметтік тұрғын үйлерді беру қағидаларымен және қызметтік тұрғын үй алуға өтініш беру үшін қажетті құжаттар тізбесімен www.nis.edu.kz сайтында танысуға болады.

Үміткерлердің қызметтік тұрғын үй алуға арналған өтініштері мен құжаттар топтамасы 2026 жылғы 6 қараша сағат 10:00-ге дейін мына мекенжай бойынша қабылданады: Көкшетау қаласы, Жұмағали Тілеулин көшесі, 59 (заңгер).

Тұрғын үй комиссиясының қарауына енгізу үшін құжаттар 2026 жылғы 9 қараша сағат 17:30-ға дейін Тұрғын үй комиссиясының хатшысына мына мекенжай бойынша тапсырылуы тиіс: Астана қаласы, Хусейн бен Талал көшесі, 21/1, 2-қабат, № 207 кабинет, Қамтамасыз ету және құжаттау департаменті.

Анықтама телефондары:
8 (7172) 23–57–00, ішкі нөмірі 1166;
8 (7162) 25–30–34, ішкі нөмірі 4320.

Тұрғын үй алуға үміткерлер Тұрғын үй комиссиясы төрағасының атына өтініш және өткізетін құжаттардың келесі тізіміне сәйкес құжаттарды тұрғын үй комиссиясына өткізеді:

1) үміткердің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

2) неке қию (бұзу) туралы куәліктің көшірмесі (бар болған жағдайда);

3) кадр қызметі берген отбасы құрамы туралы анықтама;

4) үміткердің отбасы мүшелерінің жеке басын куәландыратын құжаттарының көшірмелері (бар болған жағдайда);

5) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек өтілін растайтын, әлеуметтік демалыстарда болған кезеңдері көрсетілген кадр қызметтері беретін анықтамалар;

6) үміткерге педагогикалық шеберлік деңгейі берілгенін растайтын құжаттың көшірмесі (бар болған жағдайда);

7) үміткердің және оның отбасы мүшелерінің Қазақстан Республикасының аумағында жылжымайтын мүлкінің бар (жоқ) екендігі туралы анықтама (анықтама берілген күн Тұрғын үй комиссиясына құжаттар тапсырылған күннен кеш болмауы тиіс);

8) бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адаммен бір отбасы құрамында екенін растайтын құжаттың көшірмесі (бар болған жағдайда);

9) осы Ережеге 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жалдау-жинақтау механизмі бағдарламасына қатысуға келісім (Астана қаласында орналасқан қызметтік тұрғын үйді бөлу кезінде ғана талап етіледі);

10) осы Ереженің 11 және 12-тармақтарында көрсетілген өзге де растайтын құжаттар (бар болған жағдайда).

Құжаттар мұқаба бетінде өтініш беруші туралы (аты-жөні, қызметі, құрылымдық бөлімшенің аты (филиал) ақпарат бар қағаз скоросшивательдерде өткізілуі тиіс.